

Алматы облысы, Ескелді ауданы, Төленгіт ауылдық округіне қарасты Жетісу, Екпінді және Жеңдік ауылдарындағы кейбір көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Ескелді ауданы Төленгіт ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 29 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 8 тамызда N 2-9-66 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабындағы 4-тармағын басшылыққа алып, Ескелді ауданы, Төленгіт ауылдық округіне қарасты Жетісу, Екпінді және Жеңдік ауылдарының тұрғындарының пікірлерін және Ескелді аудандық ономастика кеңесінің келісімін ескере отырып Төленгіт ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданы, Төленгіт ауылдық округіне қарасты Жетісу, Екпінді және Жеңдік ауылдарындағы төмендегі көшелердің атауларын өзгертілсін:

1) Ескелді ауданы, Жетісу ауылындағы Ленин көшесі Бауыржан Момышұлы көшесі деп а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) Ескелді ауданы, Жетісу ауылындағы Держинский көшесі Мұқан Толебаев көшесі деп а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) Ескелді ауданы, Жетісу ауылындағы Большевик көшесі Исаев Байбатыр көшесі деп а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) Ескелді ауданы, Жетісу ауылындағы Казарма көшесі Зейнеп Қойшыбаева көшесі деп а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) Ескелді ауданы, Екпінді ауылындағы N 1 көшесі Ескелді би көшесі деп аталынсын;

6) Ескелді ауданы, Екпінді ауылындағы N 2 көшесі Бақтыбай Жолбарысұлы көшесі деп а т а л ы н с ы н ;

7) Ескелді ауданы, Екпінді ауылындағы N 3 көшесі Қабліса Жырау көшесі деп а т а л ы н с ы н ;

8) Ескелді ауданы, Екпінді ауылындағы N 4 көшесі Дәнеш Рақышев көшесі деп а т а л ы н с ы н ;

9) Ескелді ауданы, Жеңдік ауылындағы N 1 көшесі Қаратал көшесі деп аталынсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

Т ө л е н г і т а у ы л д ы қ
Қ.Н. Сатанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК